ЗАҢ газеті


zangazet@mail.ru

№ 74 (3901)
2 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

3-БЕТ



Гобелен – өте күрделі өнер

4-БЕТ



Тарихи-мәдени ескерткіштер елеусіз қалмайды

8-БЕТ



Оянбаған әке

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ХАЛЫҚ АТЫНАН ПІКІР АЙТУ – ҮЛКЕН ЖАУАПТЫЛЫҚ



Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясы өтіп, жаңа жоғары консультативтік институт өз жұмысын бастады. Оған қатысып, сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы сессияның тарихи маңызына тоқтала келіп, Халық Кеңесінің елдің саяси жүйесіндегі орнына баға берді.

(Жалғасы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Жасөспірімнің тұйықталуы, болашақтан қорқуы, өзін құнсыз сезінуі, ата-анамен байланыстың әлсіреуі, буллинг пен әлеуметтік ортадағы қысым кейде сырт көзге уақытша көңіл-күй өзгерісі секілді көрінуі мүмкін. Алайда баланың мінез-құлқындағы мұндай өзгерістердің артында әлдеқайда терең психологиялық күй жатуы ықтимал. Суицидтік ой бір ғана оқиғадан немесе бір ғана себептен пайда болмайды. Оның қалыптасуына психологиялық, әлеуметтік және отбасылық факторлар қатар әсер етуі мүмкін. Психотерапевт және балалар психологы Ахгуль Хусаяннан жасөспірімдерді мұндай ауыр жағдайға не итермелейтінін, ата-ана қандай белгілерге назар аударуы керектігін және балаға ең алдымен қандай қолдау қажет екенін сұрадық.

«БАЛА ӨМІРДЕН ЕМЕС, КӨТЕРЕ АЛМАЙ ЖҮРГЕН АУЫР СЕЗІМНЕН ҚАШҚЫСЫ КЕЛЕДІ»

– Суицидке алып келетін бір ғана себеп бар деу дұрыс емес. Көп жағдайда психологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара ықпалын көреміз. Баланың өмірмен байланысының біртіндеп әлсірегенін көрсететін ескертуші белгілер болуы мүмкін. Егер сол белгілер дер кезінде байқалмай, бала қажетті көмекті ала алмаса, оның өмірге деген сенімі біртіндеп әлсіреуі ықтимал.

Менің тәжірибемде суицидтік ойлары бар балалар мен жасөспірімдерде үмітсіздік сезімі жиі кездеседі. Бала болашағына сенбейді, өзін дәрменсіз сезінеді. Қазіргі қиындық ешқашан аяқталмайтындай, одан шығатын жол жоқтай қабылдайды. Ересек адамның өмірлік тәжірибесі қалыптасқан. Ол белгілі бір дағдарысқа тап болғанда мұндай кезеңнің өтетінін, мәселенің шешімі табылуы мүмкін екенін түсіне алады. Ал жасөспірімнің психикасы әлі қалыптасу үстінде. Сондықтан ауыр сезімді көтеру, онымен бетпе-бет келу, эмоциясын реттеу оған әлдеқайда қиын болуы мүмкін. Бірнеше мәселе қатар келген кезде бала өзін тығырықта қалғандай сезінеді. Ең қауіпті кезеңнің бірі – бала жанында өзін түсінетін, қолдайтын, оған мән беретін ешкім жоқ деп қабылдай бастаған уақыт. Яғни, объективті түрде жанында ата-анасы, туыстары болуы мүмкін, бірақ баланың ішкі сезімі мүлдем басқа болуы ықтимал. Ол өзін жалғыз сезінеді.

Есеюге баланың ішкі ресурсы дайын болмауы мүмкін

– Жасөспірімдік кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл уақытта бала өзінің кім екенін, қандай адам екенін, қоғамдағы орнын, тұлғалық болмысын іздей бастайды. Эмоциялық тұрақсыздық та осы кезеңге тән. Бір қызығы, жасөспірімнің сыртқы келбеті ересек адамға ұқсап қалғанымен, ішкі жан дүниесінде ол әлі де бала болуы мүмкін. Кейде ата-ана бойы өсіп, физикалық жағынан есейген баласына бірден ересек адамның жауапкершілігін жүктей бастайды. Одан жоғары нәтиже, үлкен жауапкершілік, нақты шешім күтеді. Ал баланың ішкі ресурсы оған дайын болмауы мүмкін.

(Жалғасы 2-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Жұмабек БАСТАУБАЕВ,
«Kasipker» кәсіпкерлер альянсының төрағасы:

«КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕТІКТЕРІ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН»

Қазақстанда қазір іскер адамдардың бір емес, бірнеше ұйымы бар. Нарықтық жағдайда бұл қалыпты жағдай саналғанымен, кәсіпкерлер көп жағдайда өз құқын қорғауда кімнен, қандай көмек сұрау керектігін біле бермейді. Сол себепті біз «Kasipker» кәсіпкерлер альянсының төрағасын әңгімеге тартқан едік.

– Жұмабек Әндешұлы, Кәсіпкерлер альянсының басқа ұйымдардан ерекшелігі неде?

– Кәсіпкерлер альянсының өзгелерден ерекшелігі біз тек кәсіпкерлердің мәселесін көтеріп қана қоймай, кәсіпкерлерді бір ортаға біріктіріп, олардың нақты мәселелерін шешуге және жаңа мүмкіндіктер табуға көмектесетін іскерлік қауымдастық болуға ұмтыламыз. Егер оны тарқатып айтар болсақ, бірінші мақсатымыз – кәсіпкерлерді біріктіру. Біз жеке кәсіпкерлерді ғана емес, компанияларды, кәсіпкерлік қауымдастықтарды және әртүрлі сала өкілдерін бір ортаға біріктіреміз. Біздің мақсатымыз кәсіпкерлер арасында өзара сенім, достық және тұрақты іскерлік байланыс қалыптастыру. Екіншіден – «кәсіпкер кәсіпкерге көмектеседі» қағидаты. Кәсіпкерлер бір-біріне тәжірибесімен, білімімен, байланыстарымен және мүмкіндіктерімен қолдау көрсетеді. Үшіншіден – инвесторлар мен серіктестерді табуға көмектесу. Жобасы бар кәсіпкерлерге инвестор, іскерлік серіктес немесе қажетті нарықты табуға ықпал етеміз. Қазақстандық және шетелдік кәсіпкерлер арасында тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береміз. Төртіншіден – қаржыландыру мүмкіндіктеріне жол ашу. Кәсіпкерлерге банктік кредиттер, мемлекеттік бағдарламалар, субсидиялар және басқа да қолдау тетіктерін пайдалану бойынша ақпараттық және консультациялық көмек көрсетуге тырысамыз. Бесіншіден – нақты бизнес жобаларды қолдау. Біздің мақсатымыз – тек сөйлесу немесе пікір алмасу емес. Кәсіпкерлердің жобаларын дамытуға, инвестиция тартуға, серіктестер табуға және нақты іскерлік нәтижеге жетуге ықпал ету. Алтыншыдан – халықаралық байланыстарды дамыту. Біз Қазақстан кәсіпкерлерінің Қытай, Түркия және басқа мемлекеттердің кәсіпкерлерімен тікелей байланыс орнатуына жағдай жасауға ерекше мән береміз. Жетіншіден – кәсіпкерлердің тұрақты кездесулері.

Біздің Альянстың маңызды ерекшелігі – кәсіпкерлердің тұрақты түрде бірге болуы. Әр сейсенбі күні Кәсіпкерлердің бильярд клубында бас қосып, бейресми жағдайда танысып, пікір алмасып, жаңа іскерлік байланыстар орнатамыз. Ал әр жұма күні кәсіпкерлер арасында дөңгелек үстел өткізіп, бизнестің өзекті мәселелерін талқылаймыз, тәжірибе алмасамыз және нақты ұсыныстарды бірге қарастырамыз. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің бір-бірін жақынырақ тануы және достық қарым-қатынасын нығайтуы үшін мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырамыз.

(Жалғасы 5-бетте)

Электрондық көшірмесі
Көшірмелер көбейтуге болмайды

ӘЛЕУМЕТ

ҚЫС ҚАМЫ: ӨҢІРЛЕРДЕ ЖЕМ-ШӨП ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Қыс қыр астында. Қазір еліміздің әр өңірінде мал қыстату науқанына дайындық жүріп, шаруалар жем-шөп қорын толықтыруға кіріскен. Биыл қысқа қажетті азық көлемі жеткілікті ме? Ел бойынша қанша тонна шөп пен жем дайындалды? Оның қазіргі бағасы қандай және шаруалар алдағы қысқа қалай қамданып жатыр?

Елде жем-шөп дайындау науқаны әлі де жалғасып жатыр. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің соңғы деректеріне сәйкес, республика бойынша 38,7 млн тонна мал азығы дайындалған. Бұл жоспарланған көлемнің 93,7 пайызы. Бүгінде 26,4 млн тонна шөп, 2,3 млн тонна пішендеме, 2,3 млн тонна сүрлем, 4,3 млн тонна сабан және 3,4 млн тонна құрама жем дайындалды. Өңірлер арасында мал азығын дайындау көлемі бойынша Түркістан облысы көш бастап тұр. Шөбі шүйгін, малы қоңды: Қостанайда қысқа дайындық қалай жүріп жатыр Мал жайылымы мол өңірдің бірі – теріскейде. Солтүстіктің құнарлы шөбі биыл да бітік шыққан. Мысалы, Қостанайда 1 115,5 мың тонна шөп дайындалды. Бұл жылдық қажеттілікті толық өтейді. Ал облыста шөптің орташа бағасы тоннасына 22 100 теңгені құрайды.

– Биыл негізгі жем-шөп түрлерін дайындау жоспары бекітілді. Оған сәйкес 1 млн 108,6 мың тонна шөп, 229,3 мың тонна пішендеме, 598,6 мың тонна құнарлы жем, 158,5 мың тонна сүрлем және 561,2 мың тонна сабан дайындау көзделген. Қазір жем-шөп дайындау жұмыстары бекітілген кестеге сай жалғасып жатыр. Қалыптасқан қор мен алдағы дайындалатын жемшөп көлемі қысқы кезеңде мал басын қажетті азықпен толық қамтамасыз етуге жеткілікті,– деп хабарлайды облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы.

Қостанай облысында 405,2 мың бас ірі қара бар. Оның 213,2 мыңы – сиыр. Сонымен қатар өңірде 186,5 мың жылқы және 468,7 мың қой-ешкі өсіріледі. Осынша малды қысқы азықпен қамту жаз бойы жиналған шөп пен жемге байланысты. Мал азығын дайындау жұмысы облыстың 16 ауданы мен 4 қаласында жүріп жатыр. Бірі шабындықтағы шөпті шауып, бірі қыстық қорын түгендеп әлек. Әулиекөл ауданында да науқан қызу. Мұнда 49 шаруа қожалығы жемшөп дайындауға кіріскен.

ЕКІ МЫҢ ГЕКТАРДАН МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАҒАН ШАРУА

Әулиекөл ауданында «Ермағамбетов» шаруа қожалығының қысқа дайындығы көңіл көншітеді. 200 жылқы мен 500 қойдың қорасы сақадай сай тұр, жем-шөбі де жеткілікті. Себебі, шаруашылық 2 мың гектар алқапта мал азығына қажетті түрлі шөп өсіреді. Оның ішінде еркекшөп те (житняк), жусан да бар. Жиналған өнімнің жартысын шаруашылық өз қажетіне қалдырса, қалғанын сатады.

– Биылғы маусымда малымызға азық ретінде 700 орам шөп жинадық. Сонымен қатар төртбұрыштап тығыздау арқылы 7 мың тең (тюк) дайындадық. Ал қалғанын саттық, – дейді Ернұр Сағындықов.

Қожалық иесі Дулат Ермағамбетов ширек ғасырдан бері ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп келеді. Ол егістіктен жиналған шөпті қыстық азық ретінде дайындап, төрт түлігін өсіреді. Қоңды малын сатады. Мемлекеттік қолдаудың арқасында шаруашылыққа қажетті техникасы да түгел. Ал бүгінде әке кәсібін ұлы Ернұр жалғастырып отыр. Шөптің артылғанын шаруашылық жыл сайын сатады. Тіпті, тапсырыс жаз басталмай жатып-ақ түседі екен. Теріскейдің шөбі шүйгін болғандықтан, оны алушылар да алдын ала қамданады. Биыл қожалық 300 келілік бір орам шөпті 5 мың теңгеден саудалаған.

– Бір тең шөптің салмағы – 20 келі. Ол 500 теңгеден сатылды. Жаз соңына қарай бағасы төмендеді. Бір теңі 400-350 теңге болды. Күзге қарай шөп сарғайып, сапасы төмендейді. Соған байланысты бағасы да түседі. Біздің Әулиекөл ауданында шөптің сапасы жақсы. Мұны халық та жақсы біледі. Сондықтан біздің шөпке сұраныс жоғары, – дейді ол.

Шабылған шөптің бір бөлігі жақын ауылдарға жеткізіледі. Ал өзге өңірдің адамдары жүк көлігін өздері жалдап, алдыртады. Бір көлікке 750-800 тең немесе 30-35 орам тиеледі. Осылайша бір алқаптан орылған шөп бірнеше елді



мекенге жөнелтіледі. Шөп саудасында алыпсатарлар да бар. Олар шаруалардан өнімді сатып алып, үстіне жеткізу шығынын қосып, қайта сатады екен. Қожалық шабындыққа шілдеде түсіп, жұмысты қыркүйекте аяқтаған. Кеңес заманында егілген бұл шөптер әлі күнге дейін өздігінен көктейді.

Биыл жауын-шашын да жақсы болып, шөп бітік шыққан. Ал қожалық баппен күніне 50-70 гектарды шауып отырған. Шөп шабу жұмысына төрт техника пайдаланылды. Оның екеуі шөп шабады, біреуі шөпті теңдейді және орамаға айналдырады. Тағы бір трактор шөпті жинауға пайдаланылады. Жұмысты екі адам және әкем екеуміз істейміз. Жалпы, шөп шабу науқанында төрт адам, төрт техника жұмыс істейді, – дейді ол.

Көкорай шөпті жинаудан бөлек, оны баптап, дұрыс сақтаудың өзі бір жұмыс. Тамырынан үзілген соң, шөп бір күндей жерде өз бабымен жатады. Күн ашық болса, тез кебеді. Ал жаңбыр жауса, толық құрғауына бірнеше күн қажет. Әбден кепкеннен кейін ғана оны орамдау жұмысы басталады. Жұмыстың басым бөлігін техника атқарады. Ал төртбұрыштап теңдеу кезінде қол күші керек. Трактор рулон жинайтын техникамен шығып, шөпті орамға престейді. Бір күнде шамамен 120-150 орам дайындауға болады, – дейді Ернұр Сағындықов. Қай өнімде де көлемнен бұрын сапа маңызды. Теріскейдің шөбін алушылар да ең алдымен соған қарайды. Шөптің салмағы тығыз, нәрі мол болуы керек. Құраған, ескі шөп араласқан алқаптар шабылмайды. Өйткені сапалы шөпті жинаудың да өз тәртібі бар.

– Солтүстіктің шөбіне сұраныс жоғары. Себебі, біздің өңірде шөптің сапасы жақсы, түрі де көп. Мал азығына қажет құнарлы шөптер өседі. Торғай жақта, ауа райының ыстықтығына байланысты шөптің шығымы төмен болады. Ал біздің жақта жаз басында жаңбыр жақсы жауып, ылғал жеткілікті болса, шөп бітік өсіп, сапалы мал азығын дайындауға мүмкіндік бар,– дейді Ернұр Сағындықов.

«Қыстың қамын жазда ойла» дейді қазақ. Қытымыр қыстан малды шығынсыз алып шығу үшін шаруалар жемшөпті жаздан қамдайды. Елде қысқы мал азығын дайындау жұмыстары әлі де қызу жүріп жатыр. Шөп қоры жеткілікті, баға да тұрақты. Ендігі міндет тек қар түскенше төрт түлікке жетерліктей азық әзірлеп алу.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Kazmobile.kz» ЖШС (БСН 251240001345) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 010019, Сарайшық ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Қаражал көшесі, 13/1-үй. Тел. +7 701 533 79 80.

4. «Орал Табиғаты» ЖШС (БСН 120440021566) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Аманжолова көшесі, 116-үй, 9-пәтер.

5. «БАЛА КЕМЕНГЕР» ЖШС (БСН 250140012542) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Кредиторлардың талаптарын қабылдау мекенжайы: ҚР, Шымкент қаласы, Ақсауыт көшесі, 144. Байланыс тел. 8705 363 74 13.

7. «Мұнай көлік» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ қоғамдық бірлестігі (БСН 210340030352) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау оьлысы, Исатай ауданы, Өркен ауылы, Қазына көшесі, 96-үй, тел. +77015925977, +77713311209.

10. «ISSA Production Company» ЖШС (БСН 150440005718) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Абай даңғылы, 34-үй, 10-пәтер. Тел. 8 701 707 17 69.

13. «Gulbagym» ЖШС (БСН 190240013769) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, М.Әуезов көшесі, 59-үй, пошта индексі 160300.

14. «Тиссен Шахтбау» ЖШС (БСН 140740005935) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 101, В блогы, 9-қабат («Төле би» БО). Тел. +7 702 116 6888.

ӘРТҮРЛІ

3. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма аралығы) сағат 10.00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамалар үшін тел. +7 702 321 86 86.
Лиц 01.21.0009Л.

8. Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Нова Ахмерова, «Звёздный» бау-бақша серіктестігі, Звёздный көшесі, 336 мекенжайында орналасқан борышкер – жеке кәсіпкер Аманбай Мархаба Әділбекқызына (ЖСН 751231400744) қатысты азаматтық іс қозғалды. Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А. А. Ибрагимов 2026 жылы 29 қыркүйекте оңалту рәсімін қолдану туралы сот ұйғарымын шығарды.

11. «Ондулин» ЖШС (БСН 110440023233) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жангелдин көшесі, 31-үй, 1 тұрғын емес үй-жай. Тел. +7 771 762 09 01.

12. «Цзиньчэн Казахстан Строй» ЖШС (БСН 251140020506) жарғылық капиталының жаңа мөлшері 69 333 000 (алпыс тоғыз миллион үш жүз отыз үш мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050000, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 202-үй, 304-кеңсе. Тел. +7 707 766 68 05.

МҰРАГЕРЛІК

9. 08.05.2026 ж. қайтыс болған Ахтаев Ахмед Магомедовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

Астана қаласының соттары Астана қалалық сотының отставкадағы судьясы Айман Майкибаеваға анасы
Қосабаева Бақытжамалдың
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Анаңыздың жаны жәннаттық болсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтоқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

Сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард Прогресс» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс. Сенім білдірген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Д. Бабатайұлы, 214, анықтама телефоны: +7 708 831 35 22, төлем реквизиттері: ИИК KZ7494806KZT22039190, «Еуразиялық банк» АҚ, БИК EURIKZKA.